

8D07501 – Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында «Көп дәнді ұн шикізатынан жасалған коэкструдирленген өнімдер өндірісі технологиясының нормативтік қамтамасыздануы» тақырыбында орындалған Алмаганбетова Айгүль Турмахановнаның диссертациялық жұмысына берілген

## ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.** Құрамында қоректік заттар мен минералдардың максималды мөлшері бар әртүрлі дәнді және бұршақ дәнді дақылдарын біріктіру және құрылымына толтырғышты – жоғары қоректік заттары бар салманы енгізу арқылы дайындық дәрежесі жоғары отандық көп дәнді астық өнімдерінің тағамдық және энергетикалық құндылығын арттыруға болады. Астық өнімдерінің тағамдық құндылығын арттырудың ең перспективалы жолы – аминқышқылдары, минералды және дәрумендік құрамы бойынша тенденстірлген толық түрде ұнтақталған дәндерден көп дәнді қоспалар жасау болып табылады.

Қазіргі уақытта тамақ өнеркәсібіндегі басым бағыттардың бірі дәстүрлі өнімдерден ерекшеленетін, тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары, табиғи қоректік заттармен (акуыздар, майлар, дәрумендер және т.б.) байытылған тағамдық өнімдер өндірудің технологиясын жетілдіру және жасау өзекті мәселе болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында 2012-2014 жж. орындалған «Отандық көп дәнді шикізаттан жоғары деңгейдегі дайындықтағы өнімдерді өндіру технологиясын жасау» және 2015-2017 жж. орындалған «Жеміс-жидек және ет-сүт салмалы жоғары дәрежелі дайындығы бар экструдирленген көп дәнді тағамдар өндіру технологиясын жасау» атты гранттық жобалардың нәтижелері ішінәра пайдаланылды. Айта кету керек, диссертация авторы Алмаганбетова А.Т. осы жобалардың орындаушысы болған.

**2. Диссертацияның қазіргі ғылым мен практика үшін маңызы.** Стандарттау – бұл қоршаған орта, деңсаулық, өмір және мүлік үшін өнімдердің, қызметтер мен жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында нормаларды, сипаттамалар мен ережелерді анықтау қызметі; акпараттық және техникалық үйлесімділік, сондай-ақ өзара алмастырушылық; ғылымның, техниканың және технологияның даму деңгейіне сәйкес өнімдердің, қызметтер мен жұмыстардың сапасы; нақты елдің корғаныс қабілеті және жұмылдыру дайындығы. ҚР стандарттаудың құқықтық негіздері «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 396-VI Заңында белгіленген.

Бұкіл әлемде стандарттау нарықты қауіпті және сапасыз өнімдерден қорғау, әртүрлі салаларда инновациялық технологиялар мен акпараттық

жүйелерді енгізу сияқты маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу құралы болып табылады. Стандарттарды қолданудың тиімділігі агробизнестің технологиялық үйлесімділігі мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін жалпы арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық Одақта да, Еуроодак елдерінде де өзара іс-қимыл мен интеграцияға бағытталған әлемде дамып келе жатқан процестерге сәйкес келуге мүмкіндік береді.

Кез-келген өнімнің сапасы оның жалпыға бірдей танылған стандарттар мен санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкестігіне негізделген. Өнім өндіруге негізделген стандарт, өндіруші оны адал сақтаған жағдайда, сапаның кепілі болып табылады, яғни өндірілетін тамақ өнімдерінің сапа денгейі стандарттау деңгейіне де байланысты.

Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде кәсіпорынның «Дайындық дәрежесі жоғары жеміс-жидек салмалы (алма+қарақат) коэкструдирленген көп дәнді өнім» және «Дайындық дәрежесі жоғары жеміс-жидек салмалы (киви+танқурай) коэкструдирленген көп дәнді өнім» атты 2 стандарты әзірленді. Жасалынған кәсіпорын СТ жобаларының талаптарына сәйкес дайындалған коэкструдирленген көп дәнді өнімдерінің жаңа түрлерін өндіру технологиясына қолданылатын технологиялық нұсқаулық әзірленді.

**3. Ізденушінің алынған нәтижелерге қосқан жеке үлесі.** Қажетті тапсырмаларды қоюдан, тәжірибелерді жоспарлаудан және жүргізуден, алынған нәтижелерді статистикалық өндеуден және оларды жариялаудан, ұсынылған жеміс-жидек салмалы дайындық дәрежесі жоғары көп дәнді тағамдық өнімдерді өнеркәсіптік сынектан өткізу; нормативтік-техникалық күжаттаманы әзірлеуге қатысадан тұрады.

Диссертация авторының жеке қатысуымен ауқымды ғылыми-тәжірибелік зерттеулер жүргізілген және ғылыми мақалалар Халықаралық және республикалық деңгейдегі басылымдарда жарық көрген. Жарияланған мақалаларда орындалған ғылыми еңбектің маңыздылығы мен өзектілігі толық дәріптелген.

**4. Қажетті ақпаратты табу дағдыларын бағалау.** Диссертацияда келтірілген және пайдаланылған 150-ге жуық шетелдік және отандық әдебиет көздері А.Т. Алмаганбетовага зерттеуді терең және жан-жақты жүргізуге мүмкіндік берген. Докторант мерзімді басылымдардың материалдарын, интернет ресурстарын кеңінен қолданып, ғылыми әдебиет көздерімен жұмыс істеу қабілетін көрсете білген.

**5. Диссертацияда көрсетілген докторанттың белгілі бір білімінің болуы.** А.Т. Алмаганбетованың диссертациясы жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде орындалған, аяқталған ғылыми дербес жұмыс болып табылады. Докторант зерттеу барысында жалпы қабылданған заманауи стандарттық әдістерді тиімді қолданған.

**6. Докторанттың жарияланымдарын тізімдеу.** Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық нәтижелер мен қорытындылар докторанттың ғылыми зерттеулерінің жеке жоспарларына сәйкес ізденушінің тікелей қатысуымен алынды және тұжырымдалды. Докторант зерттеудің заманауи әдістемесін игерді, алынған нәтижелерді талқылауға және жариялауға,

отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жариялау үшін ғылыми мақаланы дайындауға және ресімдеуге белсенді қатысты.

Диссертациялық жұмыс бойынша 6 ғылыми жұмыс жарияланды. Оның ішінде: 1 – Scopus дереккорына кіретін процентилі 45 болып табылатын ғылыми журналда; 4 – ҚР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 1 – Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында жарыққа шықты. Сонымен қатар, жеміс-жидек салмалы дайындық дәрежесі жоғары көп дәнді тағамдық өнімдер өндірісінің жетілдірілген технологиясы сынақтан өткізілді; екі кәсіпорын стандарты және технологиялық регламент әзірленді.

7. Қорытынды. Орындалған диссертация жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежелерді беру талаптарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыстың авторы Алмаганбетова Айгуль Турмахановна 8D07501 – Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша) білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші,  
техника ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚазҰАЗУ «Тағам өнімдерінің технологиясы  
және қауіпсіздігі» кафедрасының  
профессоры

*Оспанов*

Оспанов Әбдіманап Әбубекірұлы

